

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жәндіктер

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.05.2022

СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/121131/

Ажбанбетова Камила

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi

Топ: ересек

Білім беру саласы: «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным»

Тақырыбы: «Жәндіктер»

Мақсаты: Жәндіктердің алуан түрлері, олардың ерекшеліктері туралы білімді бекіту.

Білімділігі: Жәндіктер туралы түсініктерін қалыптастыру (жәндіктердің атауы, жәндіктердің пайда болуы, құрылымы).

Дамытушылығы: «Жәндіктер» тақырыбындағы тілдерін, ұсақ моторикасын, байқау мен логикалық ойлауды дамыту.

Тәрбиелік: Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін, қоршаған табиғи әлемге ұқыпты қарауды тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: слайд, тақырыпқа сай суреттер, карточкалар, балалар төсбелгілері.

Технология: «Тәй-тәй» бағдарламасы бойынша белсенділік орталықтарындағы жұмыстар.

Жұмыс жасайтын орталықтар: «Тіл орталығы», «Математика орталығы», «Бейнелеу орталығы».

Барысы:

Шаттық шеңбері

Қоршаған өмір әлемі,

Не деген көркем, әдемі!
Сол сұлулықты сақтайық,
Мадақтайық, мақтайық!

Слайдтан «Жәндіктер әлемін» көрсету.

Жұмбақ жасыру.

Көлбең-көлбең етеді,
Гүлден ұшып жетеді.
Гүл шырынын сорады,
Соған риза болады.(Көбелек)

Қыпша белді,
Қыбыр жүрісті.
Тыным алмайды,
Тындырмай жұмысты. (Құмырсқа)

Тоқыған ауы – шыбынның жауы.(Өрмекші)

Әңгімелесу.

Жұмбақтың шешуі не болды? (Көбелек, құмырсқа, өрмекші)

Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? (Жәндіктер)

Жәндіктер-біздің планетамыздың тұрғындары. Көптеген жәндіктер жерде ғана емес, сонымен қатар ауа мен су кеңістігінде де өмір сүреді.

Тәрбиеші:

Балалар, жәндіктер қалай қозғалады? (жүгіреді, ұшады, жүзеді, секіреді.)

Немен қоректенеді? (Кейбіреулері-жапырақтармен, өсімдіктердің жас өскіндерін жейді, піскен жемістер, құлаған жапырақтарды жесе ұнтақтағыш қоңыздар-ағаш пен қабығын, жыртқыш жәндіктер басқа жәндіктерді аулайды. Аралар, көбелектер, шыбындар — гүлдердің балшырындары, жасыл жапырақтарымен қоректенеді.)

Топқа бөліну

Балалардың төстерінде көбелек, құмырсқа, өрмекшінің суреттері бейнеленген.Орталықтарда сол жәндіктердің бейнесі болады. Әр бала төсбелгісіне сәйкес орталықтарына орналасады.

Тәрбиеші:

Балалар, әркім өз орталықтарыңды, орындарыңды таптыңдар. Ендеше әрқайсысымыз өз орталықтарымызда жұмыс жасайтын боламыз.

1-орталық: Тіл орталығы

2-орталық: Математика орталығы

3-орталық: Бейнелеу орталығы

Тәрбиеші:

«**Тіл орталығындағы**» балалар алдарында берілген карточкалардағы жәндіктер туралы мнемокесте берілген. Кестедегі бейнеленген тірек-суреттер арқылы сөйлемдерді оқимыз.

Тәрбиеші:

Балалар, «**Математика орталығындағы**» балалар алдарында берілген карточкалардағы жәндіктердің көп-аз-тең белгілерімен белгілеп айтады.

Тәрбиеші:

Балалар, «**Бейнелеу орталығындағы**» балалар гупка қиындыларымен жәндіктерді бояйды.

Видеосергіту сәті

Слайд арқылы

«Жәндіктердің көлеңкесін тап» дидактикалық ойыны (ауызша)

«Жәндіктерді құрастыр, ата» дидактикалық ойыны.

Шарты: Балаларға жәндіктердің қиынды суреттері таратылады. Балалар суреттерді құрастырады, атайды.

Қорытынды:

Рефлексия «Жәндіктер»

Шарты: Тақтада үлкен гүлдің суреті ілінеді. Үстел үстінде қызыл, жасыл жәндіктердің суреті орналасады.

«Өте ұнады»-деген балалар гүлге қызыл жәндікті орналастырады.

«Түсінбедім»-деген балалар көк жәндіктерді орналастырады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.